

0-11 жас аралығындағы балалармен

КІТАПТЫ ҚАЛАЙ дұрыс дауыстап оқу туралы



Derry Koralek және Reading is Fundamental, Inc.
мәліметтері негізінде жасалған

ТЕГІН таратылады

Қурық, 2015

Америка Құрама Штаттарының кітап оқу жөніндегі комиссиясы 1985 жылғы есебінде баланың білімді, ақылды болып өсуінің жалғыз жолы - ата-аналарының балаларға дауыстап оқуы деп көрсеткен. Дауыстап оқу жасы кіші балаларға тілдерін дамытуға және сауатты болуға үйретеді.

КЕЗ КЕЛГЕН ЖАСТАҒЫ БАЛАМЕН ДАУЫСТАП ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

- Дауыстап оқығаннан кейін балалар кітапты танымдық, жағымды, қызықты, еліктіргіш оқиғалардың көзі ретінде қабылдай бастайды. Кітап оқуды ұнататын балалар, әдетте ізденімпаз болады, өзбетінше жаңа кітап оқуға талпынады.
- Дауыстап кітап оқу балаларға негізгі түсініктерді ұғынуға, күнделікті естіп, көріп жүрген құбылыстардың мағынасын түсінуге жол ашады. Ата-аналар балаларға неғұрлым көп дауыстап оқыса, соғұрлым балалардың сөздік қоры кеңейіп, қоршаған орта мен қоғам туралы білімдері артып, өздерінің адам ретінде, қоғамның бір бөлшегі ретіндегі рөлін түсіне бастайды.
- Дауыстап оқу кезінде бала ата-анасы мен мұғалімді өзіне тәлімгер ретінде қабылдайды, үлгі алады. Ересектердің кітап оқуға қызығушылығын, алған позитивті әсерін көрген баланың да кітап оқуға қызығушылығы оянады.
- Дауыстап оқу әдеби, кітаби тілмен танысуға мүмкіндік береді. Балалар күнделікті ауызекі тілде, теледидарда немесе кинода қолданылатын сөздер мен стильден басқа әдеби тілді естігенде ерекше назар қойып тыңдайды, қызығушылығы артады. Кітаптың тілі - әлдеқайда көрнекі, әдеби стиль.
- Дауыстап кітап оқу кезінде бала өзіне таныс емес адамның немесе кейіпкердің бейнесіне еніп, оның басынан кешкенін кеше алады, кез келген уақытта өзіне бейтаныс

жерде өз тәжірибесінде болмаған оқиғаларға тап бола алады.

- Әдебиет адамға басқа әлемді көрсете алады. Сіз ешқашан болмаған жерге соның арқасында барып келесіз. Бір рет таңғажайып әлемге бас сұғып, ондағы сиқырлы жемістерден нәр татқан соң, қайтып өзіңіздің өсіп-өнген әлеміңізде тыныш өмір сүре алмайсыз. Әдебиет өмірді басқа қырынан танытады.
- Дауыстап оқу кезінде ата-ана мен бала әңгімелесе алады, кітапты талқылайды. Ал әңгімелесу мен пікір бөлісу арқылы баланың сөйлеу, ойын жеткізе білу дағдысы ғана жетіліп қоймай, дұрыс жазу дағдысы да қалыптасады.
- Дауыстап оқу қызықты уақыт өткізуге көмектеседі.



ТАҢЕРТЕҢ, ТҮСТЕ, КЕШКЕ... КҮНІНЕ БІР РЕТ, ЕКІ РЕТ, ҮШ РЕТ... КЕЗ КЕЛГЕН ЖЕРДЕ, КЕЗ КЕЛГЕН ЫҢҒАЙЛЫ УАҚЫТТА ДАУЫСТАП ОҚЫҢЫЗ.

- Балаға дауыстап оқу баланың сәби кезінде де, бүлдіршін кезінде де, бастауыш сыныпқа барған кезінде де маңызды. Дауыстап оқуды отбасында немесе сыныпта дәстүрге айналдыруға болады. Ересектер кітап оқудан жан ләззатына бөленетінін жиі айтатын болса, балалар да оқуға тырысады. Кішкентай кезінде неғұрлым көп оқыса, өскен сайын бала кез келген тақырыпта сөз қозғай алады.
- Дауыстап кітап оқу арнайы дайындықты қажет етпейді. Бос уақытыңыз пайда бола қалса, кітап оқуға арнаңыз. Кітапты үйдің кез келген бөлмесінде, күнделікті жоспарларыңызды өзгертпей, қысқа уақытты дауыстап оқуға арнауға болады. Кей жағдайда бос ересектер мен балалардың көңіл күйі жақсы болған кезде, жоспарланбаған кездейсоқ дауыстап оқу минуттарын өткізуге болады.
- Егер ата-аналардың балаларға дауыстап кітап оқуға уақыттары болмаса, үлкен ағалары мен әпкелерін іні-қарындастарына оқып беруін өтінізіз. Сондай-ақ, ата-әженің үйіне қонаққа баратын болсаңыз, ата-әженің уақыты болса, дауыстап кітап оқып беруін өтінізіз болады. Үйге қонақтар келген кезде, бос уақыттары болса, олардың дауыстап кітап оқып беруін сұраңыз. Сондай-ақ, мектепте сабақтан тыс уақытта еріктілердің балаларға дауыстап кітап оқуын ұйымдастыруға болады.
- Қайда барсаңыз да, кітапты өзіңізбен ала барыңыз: мектепке, дәрігерге барғанда, автобуспен жүргенде, банкте кезекте тұрғанда, таза ауаға серуендеуге шыққанда, саяхатқа шыққанда оқуға болады.

ДАУЫСТАП ОҚУДЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

- Оқыған, қазір оқып жатқан, оқығыңыз келетін кітаптар жайлы баламен әңгімелесіңіз. Әрбір дауыстап оқығаннан кейін кітапты талқылауға уақыт бөліңіз. Бұл талқылаулар барысында бала кітапты жақсырақ түсінуге, көкейіндегі сұрақтарға жауап алуға, өз өмірінде болған ұқсас тұстарын есіне түсіруге көмектеседі.
- Кітаптағы оқиғаны баланың жан-сырын, толқандырып жүрген мәселелерін білуге пайдаланыңыз. Ұқсас жағдай орын алған кезде, бала сізге ойын еркін айтып беруі мүмкін. Сондай-ақ, кітаптағы оқиғалар мағыналы пікір алмасуға негіз бола алады.
- Кітапқа жан бітіріңіз, дауыс ырғағын, екпінін, сарынын өзгертіңіз, сюжет барысында эмоцияларды да жеткізуге тырысыңыз. Әрбір сөз мағынасын нақты жеткізу үшін түрлі дыбыстарды қолдансаңыз да болады. Кей тұстарда оқуды тоқтатып, деміңізді тыйып, үзіліс жасаңыз. Бұл әрекетіңіз баланың қызығушылығын одан әрі арттыра түседі.
- Балалардың бір орында отырып, кітап тыңдауға құлқы бар кезде дауыстап оқыңыз. Назары басқа нәрсеге ауа бастаған кезде оқуды тоқтатыңыз. Дауыстап кітап оқитын уақытты ұлғайтып отыруға тырысыңыз, сәйкесінше баланың да назары ұлғайып отырады.
- Балаға қай кітапты, қай кезде, қанша минут оқитындығын шешуге мүмкіндік беріңіз. Баланы оқу үрдісіне және оқудан кейінгі үрдіске тартыңыз, яғни оқу барысында шағын талқылаулар ұйымдастырып, оқып болғаннан кейін де кітапты талқылауға кіріктіріңіз.
- Жүйелі болуға тырысыңыз, яғни бір автордың немесе бір кейіпкерлердің түрлі оқиғалары немесе бір тақырып аясындағы кітаптарды таңдауға тырысыңыз. Рөлдермен сомдап ойнауға болатын, шығармашылықты талап ететін кітаптарды таңдаңыз. Оқыған кітаптардың қайсысы баланың есінде қалғанын, қайсысын ұнатқанын анықтаңыз, алған ақпаратқа сүйене отыра таңдау жасаңыз.

1. 1 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ СӘБИГЕ ДАУЫСТАП ОҚУ

СӘБИГЕ КІТАП ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ:

- Бала кітапты жан ләззатына бөлейтін жағымды эмоциялармен байланыстыратын болады.
- Сан алуан дауыстарды, дыбыстарды, ырғақтар мен сөздерді естіп, ажырата бастайды.
- Тыңдау, көру, ұстап көру сияқты қабілеттерін шыңдайды.
- Сізге еріп әртүрлі дауыстарды қайталауға тырысады: гүбірлейді, бүлкілдеу, бұрқырау, шыңғырады, басқа да дауыстар шығарады, нәтижесінде сөйлеп үйренеді.
- Әрбір суретте сәл кідіріңіз, сәби оларға ат беруі мүмкін, белгілі бір дыбыстармен байланыстыруы мүмкін.
- Әрбір сурет кез келген ұғым мен заттың бейнесі екенін түсіне бастайды
- Уақытты қызықты өткізуге көмектеседі.



СӘБИЛЕРГЕ КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

- Сәбилер әртүрлі таныс дыбыстарды естігенді ұнатады, сондықтан дыбыстар қайталанатын, ұйқас дыбыстары көп балаларға арналған тақпақтар мен кітаптарды таңдаған дұрыс.
- Сәбилерге үстелге қоюға болатын, ірі суреттері бар, түрлі түсті кітаптарды таңдауға тырысыңыз. Бір парақта тек бір сурет болғаны дұрыс.
- Балаға қызықты, танымды болатын кітаптарды сатып алыңыз, сондай-ақ жууға болатын, парақтары оңай жыртылмайтын кітаптарды таңдаған жөн.
- Сәбилердің қолдары зат ұстауға икемденгеннен кейін ұстауға ыңғайлы кітаптарға назар аударыңыз .
- Сәбилер кітаптың беттерін өздері аударғанды жақсы көреді, сондықтан өз бетінше кітап қараған кезде кітаптың ішінде жануарлар немесе таныс заттардың адамдар мен кейіпкерлердің суреттерін көргенде танып, қуанады.
- Балалар оқи алатын деңгейге жеткенде оңай әрі қысқа кітапшаларды оқытқан жөн. Олар күнделікті істейтін әрекеттерге негізделгені дұрыс. Мысалы, қол жуу, тіс тазалау, тамақ ішу, ұйықтау, жуыну сияқты тақырыптарға арналған кітаптарды таңдаған жөн.
- Жоғарыда айтылғандай, кітап таңдағанда қайталанатын дыбыстар мен қайталанатын сөздерге назар аударыңыз. Сондай-ақ, ұстауға болатын, қолға ілігетін заттардың болғаны жақсы. Мысалы, саусақтарын сұғып көруге болатын саңылаулар, желпілдететін құстардың қанаттары, басқа да пішіндер мен сипаттауларға сәйкес ұстап, сезіп көруге болатын элементтері бар кітапты таңдаңыз.
- Сәбилер отбасылық альбомдар мен қолдан жасалынған кітаптарды қарағанды ұнатады.

ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Сәбиді алдыңызға алыңыз, кітаптың суреттерін еш қиындықсыз көре алатынына көз жеткізіңіз.
- Сәбидің есімін қосып ұйқас өлең жолдарын құрастырыңыз, сәбидің есіміндегі дауыстар мен дыбыстарға ұйқас ойлап табыңыз.
- Ұстап көруге, сүйреуге, аузына салуға, тістеуіне, жеп көруіне рұқсат етіңіз. Өзінің көзі жеткеннен кейін ғана сәби ненің зиян, ненің зиянсыз екенін анықтайды.
- Сәбиге дауыстап оқу кезінде қолында ұстап отыратын немесе аузына салып, тістейтін ойыншық беріңіз.
- Бастапқыда тек 1-2 бет қана дауыстап оқыңыз, уақыт өте келе біртіндеп арттыруға болады.
- Егер бала сізді тыңдағаннан гөрі, кітаптың өзіне қызықса, кітапты қолына беріңіз. Парақтарын аударып, суреттерін қарасын. Сол кезде бала үшін кітап оқу бір азап емес, қуанышты нәрсемен байланысты болады. Сізбен бірге уақыт өткізу де жағымды сезімдерге толы болады.
- Дауыстап оқу кезінде үзілістер жасаңыз, кейпкерлердің есімдерін еске түсіріп, талқылап отырыңыздар.
- Балаға: «Қайда...?» «Бұл не? « деген сұрақтар қойыңыз. Сұрақтарға жауап беруін күтіңіз.
- Кітапта кездескен жануарлардың дауысын салыңыз. Мысалы, сиырдың дауысын салып, «мөңіреңіз» т.б.
- Баланың бір беттегі суретке назары ауса, қызығушылығы төмендегенше бетті ауыстырмаңыз.
- Баланың тыңдауға ынтасы болмаса, қинамаңыз. Кітапты сөреге қойып, басқа нәрсемен айналысыңыздар.

2. 1-3 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БҮЛДІРШІНДЕРГЕ ДАУЫСТАП ОҚУ

БҮЛДІРШІНДЕРГЕ ДАУЫСТАП ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ:

- Кітап оқу барысында жаңа бір сезімдермен танысады, сөздік қорын байытады, сөздерді есте сақтайды.
- Тыңдау дағдысын жақсартады.
- Білетін сөздерден сөз тіркестерін құрастырып көруге ойындар ұйымдастырыңыз.
- Кітапты көңілді де қызықты, танымдық ойыншық ретінде қабылдату.
- Суреттер кітаптардағы кейіпкерлердің немесе оқиғалардың көрінісі екенін түсінеді.
- Ұйқастар мен оңай өлең жолдарын тез жаттайды
- Сіз дауыстап оқып отырғанда, бала мәтінге сәйкес қиялға беріліп, оқиғаны ойша елестетіп отырады.
- Баспа техникасымен таныса бастайды, кез келген жазылған сөз бен суреттің өмірден алынғанын, әрбір суреттің заттық мағынасы бары және біз суреттерді емес сөздерді оқытынымызды түсінеді.
- Уақытты қызықты өткізу жолы болып табылады.



БҮЛДІРШІНДЕРГЕ КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

- Бүлдіршіндер эмоциялар мен алуан түрлі сезімдермен біртіндеп таныса бастайды, сондықтан алғашында түсінікті, күрделі емес эмоцияларды көрсететін кітаптарды таңдаған жөн.
- Бүлдіршіндер белсенді атсалысқанды ұнатады. Мысалы, сөздермен, ұйқастармен ойындар ұйымдастыруға болады. Ал бүлдіршіндер жасырылған сөздерді ойлап табуы керек.
- Бүлдіршіндер өздеріне қызықты нәрсемен ұзақ уақыт айналыса алады. Сондықтан бүлдіршіндерге қызықты, түрлі түсті, оқиғасы қызық, кейіпкерлері ерекше қысқа да оңай кітаптарды таңдаңыз. Бір бетте тек бір сурет бейнелену керек.
- Бүлдіршіндер жаңа нәрсемен танысуға әуес келеді, сондықтан қызығушылықтарын дұрыс пайдаланып, әртүрлі тақырыптағы қызықты кітаптарды дауыстап оқуға тырысу керек.
- Бүлдіршіндер сөздік қорларын үздіксіз толықтырып отырады. Өздері оқи алмайтын жастарында есту арқылы есте сақтайды, сондықтан жаңа сөздері көп кездесетін, бірақ оңай түсінетін кітаптарды сатып алыңыз. Суреттері көп және суреттердің астында атауы бар кітаптарға назар аударыңыз.
- Бүлдіршіндер заттарды, түстерді, пішіндерді ажырата бастайды. Бұл үрдісті тездету үшін қолға ұстап көруге болатын, сезінуге болатын элементтері бар кітаптарды оқыңыз.
- Бұл кезде балалар өз бетінше әрекет етуге дағдыланады, сондықтан тіс тазалау, тамақ ішу, ұйықтау, қол жуу, дәретхананы қолдану ережелері сияқты күнделікті әрекеттерге бейімдейтін кітаптарды таңдаңыз.
- Бүлдіршіндер – жас зерттеушілер. Олар барлығын ұстап, сезіп, иіскеп көргілері келеді. Сезу мүшелері арқылы үйренеді, тәжірибе жинайды. Сондықтан мұқабасы мен парақтары қатты, ілгіштері бар кітаптарды таңдаңыз.

ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Бүлдіршін бір кітапты қайта-қайта оқуды өтінсе, оқып беріңіз. Бір кітапты оқи беруден жалыққан кезде, бала белгі береді. Жаңа кітап тыңдағысы келсе, сізге сол кітапты әкеліп береді. Үзіліс жасау керек болса да, сізге ескертеді.
- Кітапты баяу дауыстап оқыңыз, үзілістер жасаңыз. Бүлдіршін оқып жатқан оқиға желісін түсіну үшін әрбір сөйлемнен кейін кідіріс жасаған жөн.
- Кейбір кезде сәбилер бір нәрсеге назарларын шоғырландырған кезде ғана мұқият тыңдай алады, сондықтан оқу барысында оларға қағаз бен қарындаш беріп қоюға болады.
- Дауыстап оқу кезінде дауыс ырғағыңызды, екпініңізді өзгертіп отырыңыз, сюжетке сай эмоцияларды да өзгертіп отыруға тырысыңыз.
- Кітаптағы оқиғаны қоршаған ортамен ұштастыру үшін айналадағы заттармен байланыстыруға тырысу керек.
- Кітапта кездескен сөз тіркестері мен жолдарды бірнеше рет қайталаңыз.
- Егер бала мұқият тыңдап отырса, сурет көрсетіп, сұрақ қойып, әңгімеге тартып баланың мазасын алмаңыз.
- Бүлдіршіннің бастамаларын қолдаңыз: Кейбір дауыстарды, тақпақ жолдарын қайталағысы келсе, кедергі жасамаңыз. Суреттерді сипаттап, әңгімелегісі келсе де, беттерді аударамын десе де рұқсат беріңіз. Одан әрі не болатыны жайлы ойлануға уақыт беріңіз.
- Бүлдіршін елемеген немесе түсінбей қалған тұстарды қайта оқып беріңіз, түсіндіріңіз.
- Кітапты дауыстап оқып болған соң талқылаңыз, баланың өмірі мен кейіпкердің өміріндегі оқиғалардың ұқсас тұстарын іздеп көріңіз.

3. 3-5 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БҮЛДІРШІНГЕ ДАУЫСТАП ОҚУ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН ДАУЫСТАП ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ:

- Сіз кітапты дауыстап оқыған кезде жаңа бір сезімдерді бастан кешеді.
- Жаңа сөздермен танысады, тіл дамытады.
- Тыңдау дағдысын жақсарттады.
- Кітаптың әдеби тілі мен ауызекі тілдің айырмашылығы бар, сондықтан сауатты және мәдени сөйлей алу үшін кітап оқудың пайдасы көп.
- Дыбыстарды ажыратып үйренеді, сөздердің дара немесе күрделі екенін түсіне бастайды.
- Сөздерді сөз тіркестеріне біріктіріп, сөз тіркестерінің сөздерге қарағанда әлдеқайда мағыналы екенін түсінеді.
- Жалпы тақырыптарға арналған білімдерін тереңдетеді.
- Кітаптардағы кейіпкерлер жайлы, оқиға мен сюжет жайлы әңгімелесіңіздер, күнделікті өмірде болып жатқан оқиғалармен аналогия жүргізіңіз.
- Баспамен танысады, кітаптағы сөздер ауызша айтылатын сөздердің жазбаша түрі екенін, мағыналары бірдей екенін түсіне бастайды. Сөйлемдегі сөздер белгілі бір ретпен орналасатындығы, ретпен орналасқан жағдайда ғана белгілі мағына беретінін, сөздер бөлек жазылатынын көреді, түсінеді.
- Уақытты қызықты өткізеді.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

- Мектепке дейінгі жастағы балалар өз жетістіктеріне қуанады. Мысалы, жаңа бір дағдыны игерсе немесе жаңа бір сөздер үйренсе, қайталап қуанады. Осылайша олар осы бір қуаныш сезіміне талпынады, яғни жаңа сөздерді жаттауға тырысады, өз бетінше кітап оқуға тырысады. Кітап оқығанда кейіпкерлердің оқиғалары олардың өз оқиғаларына ұқсас болған кезде салыстырады.
- Мектепке дейінгі жастағы балалардың есте сақтау қабілеті өте жақсы болып келеді. Кітапты дауыстап оқып, үзіліс кезінде сұрасаңыз, оқығаныңыздың бәрін еш жаңылмай айтып бере алады. Дегенмен, бұл жастағы балалар үшін суреттері бар, оңай, қайталанатын сөздері көп кездесетін кітаптарды таңдаған жөн. Балалардың белсенді болуына, бастамаларын алға тартуға жағдай жасаңыз.
- Мектепке дейінгі жастағы балалар ұзақ тыңдап отыра алмайды, ұзақ уақыт назарын бір әрекетке шоғырландыру да қиынға соғады. Сондықтан дауыстап оқу кезінде бала жалықпау үшін кітапты бөлімдерге бөліп оқыңыз немесе шағын кітаптарды таңдап алыңыз.
- Мектепке дейінгі жастағы балалар ізденімпаз болады. Олар қызығушылық танытатын тақырыптар аясында ақпараттық кітаптарды таңдауға тырысыңыз. Ақпараттық кітаптар фактілер мен кейбір сипаттама ақпаратты қамтиды, сондай-ақ, жаңа адамдар, жаңа жерлер мен жаңа құбылыстар туралы білімімізді толықтырады.
- Балалар әдетте өздерін қоршаған орта туралы көп біледі. Сондықтан олардың өз білімдерін тиімді қолдануға мүмкіндік беретін кітаптарды оқуға тырысыңыздар. Жаңа идеялар мен жаңа ақпарат беретін кітаптарға назар бөліңіз.
- Мектепке дейінгі жастағы балалардың қиялы өте жүйрік болады. Жануарлардың суреті кездесетін, ертегіде оларға жан бітіріп, сөйлететін халық ертегілерін таңдаңыз.
- Мектепке дейінгі жастағы балалар сөздерді құрайтын дыбыстарды зерттегенді жақсы көреді, сондықтан ұйқасы бар, түрлі буындар мен сөздер қайталанатын кітаптарды таңдауға тырысыңыз.

ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Тыңдаушыға кітапты таныстырыңыз: кітаптың атын оқыңыз, авторымен атаңыз, суреттердің авторын таныстырыңыз, кітап мұқабасын бірге қарап шығыңыз, кітаптың не туралы болуы мүмкін екенін баладан сұраңыз, болжам жасаңыз.
- Сөзді оқу барысында саусақ ұшымен солдан оңға қарай жүргізіп отырыңыз. Сөйлем аяқталған кезде тоқтаңыз.
- Балалардың сұрақтарына уақытылы жауап беруге тырысыңыз, егер сұрақтар маңызды болмаса, есте сақтаңыз. Кітапты оқып болғаннан кейін оларға міндетті түрде жауап беріңіз.
- Кітапты дауыстап оқып болған соң кітап желісі жайлы, айтылған оқиға туралы әңгімелесіңіздер. Оқиғаға қатысты баланың пікірін сұраңыз.
- Балалардың сұрағына жауап беруде сөздік, ақпараттық кітапшалар мен басқа анықтама кітапшаларды қолданыңыз.
- Кітапты дауыстап оқу барысында тыңдарманның назарын суретке аударыңыз, ары қарай не болатындығы жайлы болжам жасауына мүмкіндік беріңіз. Суреттерге назар аудару баланың оқиға желісін жақсырақ түсінуіне көмектеседі.
- Кітапты дауыстап оқып болған соң кітаптың қызықты жерлерін, ұйқасы көп тұстарын тағы бір қайталап оқып шығыңыз.
- Кітапты дауыстап оқып болғаннан кейін кейбір тұстарынан үзінділер оқып, баланың жалғастыруын өтініңіз. Бала оқыған кітапты толықтай есіне түсіреді. Ұйқас сөздерден өлең жолдарын құрастырып, ұйқастың жетіспей тұрған сөзін балаға жасырыңыз.
- Кітапты дауыстап оқу барысында баланың ойын бөліп, «Бұдан әрі не болады деп ойлайсың? Кім? Қашан? Қайда? Неге?» деген сұрақтарды көп қоя бермеңіз.
- Кітапты дауыстап оқып болғаннан соң балаға сурет салу немесе әңгіме құрау сияқты тапсырмалар беруге болады. Бұл жаттығулар оқығаның есте қалуына септігін тигізеді.

4. 6-9 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ДАУЫСТАП ОҚУ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ДАУЫСТАП ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

- Мектепке дейінгі жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына дауыстап оқу кітапты сүйеге баулудың жолы, кітапты жағымды сезімдерді бастан кешіп, жан ләззатына бөленудің көзі ретінде қабылдауға алып келеді. Балалардың сөздік қоры кеңейеді, сөйлеу дағдысы дамиды, жаңа сөздерді есте сақтайды, тыңдап үйренеді, кейіпкердің бастан кешкені мен өз өмірі арасындағы байланысты анықтайды, тәжірибе жинауға көмектеседі, әртүрлі тақырыптар аясында білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.
- Әртүрлі стильдер мен құрылымдарды ажырата бастайды: қиыны мен оңайын ажырата алады.
- Өз бетінше әлеуметтік және рухани мәселелерді тануға және оларды шешуге дағдыланады.
- Белгілі бір салада терең білімі бар оқырманға айналады.
- Балаларға қандай автор және қандай кейіпкерлер ұнайтынын анықтап алу керек.
- Өз бетінше оқуға ынталандыру керек.
- Уақытты қызықты өткізеді.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНА КІТАП ТАҢДАУДА АТА-АНАҒА КЕҢЕС:

- Мектепке дейінгі немесе бастауыш сынып оқушылары өз бетінше оқи алады. Олар өз бетінше оқып, түсінетін кітаптарды таңдаңыз.
- Бұл жастағы балаларда сөздік қорларының кеңеюі, назарларын бір затқа шоғырландыру дағдылары жетіле түседі. Кітап таңдағанда бірнеше бөлімнен тұратын, қызықты кейіпкерлер мен көрнекі тілмен жазылған, сюжеті ауысып отыратын кітаптарға назар аударыңыз.
- Бұл жастағы балалар өз мінез-құлықтарын, тәртіптерін бақылауды үйренеді, сондықтан қиыншылықтарды жеңудің, өмірлік күнделікті мәселелерді шешудің айқын мысалдары бейнеленген кітаптарды таңдаңыз.
- Балалар өздерін қоршаған ортаны танып-білгілері келеді, көбірек мағлұмат алғылары келеді, сондықтан ақпараттық, танымдық кітаптарды көбірек оқуға тырысыңыз.
- Кей кезде балалар өздерін кітаптардағы кейіпкерлер ретінде сезіне бастайды, сондықтан бір кейіпкердің басынан бірнеше оқиға өтетін кітаптарды таңдаңыз. Бұл баланың кейіпкермен бірге тәжірибе жинақтап, өмірге, қоғамға бейімделуіне алып келеді.
- Балалар заман талабына сай болу керек, балаларға өз құрдастары арасында танымал, әйгілі журналдарды оқыңыз, ал жасы үлкенірек балаларға белгілі бір тақырыптағы немесе спорттық журналдарды оқыңыз.
- Бұл жастағы балалардың өз сүйікті авторлары мен тақырыптары, кітаптары болады, сондықтан балаға қызықты тақырыптар аясындағы кітаптарды таңдаңыз. Жаңа бір авторларды ұсынып көріңіз, оқиғалар желісі қызық, жаңа бір көркемдеуіш құралдар қолданылған кітаптарға назар аударыңыз.



ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР:

- Кеше кітаптың қай тарауында тоқтағаныңызды сұраңыз. Дауыстап оқуды жалғастырмас бұрын кітаптағы оқиға мен кейіпкерлер туралы әңгімелесіңіз, оқиғаның соңын болжап көруін сұраңыз.
- Кітапты дауыстап оқу кезінде баланың сұрақтары бар болса, оқуды тоқтатып, сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз, себебі одан әрі оқығанды бала түсінбей қалуы мүмкін. Ал кітаптың мазмұнына қатысты емес немесе маңызды емес сұрақтарды есіне сақтауын өтініңіз. Оларға кітапты оқып болғаннан кейін жауап беретініңізді ұғындырыңыз.
- Кітапты дауыстап оқығанда баланың деңгейінен жоғары, қиын мағыналы сөздері көп бөлімдерді оқымаңыз.
- Қазір оқып жатқан кітап пен бұл кітапқа дейін оқыған кітаптың ұқсас тұстарын табуға тырысыңыз. Бала ескі кітапты есіне түсірсін.
- Бала кейіпкердің басынан өткен оқиғалар оның басынан өткен жағдайда не істейтінін сұраңыз. Оқиғаларды ойша елестетуін өтініңіз.
- Кітап оқу барысында кездескен заттар сол бөлмеде немесе үйде бар болса көрсетіңіз, сондай-ақ, кейіпкерлер жасаған әрекеттерді көрсетуге, сомдауға болса, көрсетіңіз немесе баланың қайталауын өтініңіз. Бұл әрекеттер кітапты жақсырақ түсінуге көмектеседі.
- Кітапты дауыстап оқып болған соң, талқылауға уақыт бөліңіз. Әдетте кітапты оқып болғаннан кейінгі сезімдерімен бөліскісі келеді. Кітаптан алған әсерлеріңізбен бөлісіңіз, айтып болған соң баланың да өз әсерімен бөлісуіне мүмкіндік беріңіз.
- Кітаптың ең қызық жерінде оқуды тоқтатыңыз, ертең жалғастыратыныңызды айтыңыз. Бала ертеңгі күнді тағатсыздана күтетін болады.



ФОНД ЕВРАЗИЯ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ